



Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы автомобиль жолдары саласын дамыту жобасы жөніндегі заем туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 31 қаңтар N 288-II

Алматыда 2000 жылғы 8 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы автомобиль жолдары саласын дамыту жобасы жөніндегі заем туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Түпкі нұсқасы

(Операция нөмірі 898)

Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Автомобиль жолдары саласын дамыту жобасы бойынша заем туралы келісім

2000 жылғы 8 желтоқсан

ЗАЕМ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ("Заем алушы") мен ЕУРОПА ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ ("Банк") арасындағы 2000 жылғы 8 желтоқсандағы КЕЛІСІМ

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Банк нарыққа бағытталған ашық экономикаға көшуге ықпал ету және көп партиялы демократия, плюрализм мен нарықтық экономика және оларға қолданылатын принциптердің жолын ұстанған Орталық және Шығыс Еуропа елдеріндегі жеке және кәсіпкерлік бастамаларға ықпал ету үшін нақты жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін құрылғандығын НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

Заем алушы Алматы және Бішкек қалаларының арасындағы халықаралық жол коридорын қайта құруға Заем алушыға көмек көрсетуге, елдің жол инфрақұрылымын жаңғыруға және елдің жол көлігін басқаруды жетілдіру мен оны қаржыландыруға арналған 1-қосымшада сипаттамасы келтірілген Жобаны орындауға ниет білдіргендігін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

Заем алушы Жобаның бөлігін қаржыландыруға көмектесуге Банкке өтініш білдіргендігін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

Банк анықтамасы 1.01-Бөлімде берілетін Жол Саласын Дамыту Бағдарламасын орындауда Заем алушыға көмек көрсету үшін гранттың негізінде техникалық ынтымақтастық құралдарын ұйымдастыратындығын НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

Банк жоғарыда айтылғандардың арасында өзгелердің негізінде Заем алушыға осы Келісімде баяндалған немесе онда ол туралы айтылған шарттар мен ережелерде жиырма сегіз миллион бес жүз мың АҚШ доллары (28,500,000 АҚШ доллары) сомасына заем беруге келісім беретіндігін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

Азия Даму Банкі Заем алушыға Алматы-Бішкек жолының әртүрлі участеклерін қайта құруды қаржыландыру үшін алпыс бес миллион АҚШ долларына (65,000,000 АҚШ доллары) дейінгі сомаға заем беруге келісім бергендігін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

ОСЫМЕН, ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, тараттар мына төмендегілер туралы келіседі:

I БАП

ҮЛГІ ШАРТТАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕР, АНЫҚТАМАЛАР

1.01 - Бөлім

Үлгі Шарттар мен Ережелерді енгізу

Үлгі Шарттар мен Ережелердің барлық ережелері (1999 жылғы ақпан) осымен осы Келісімге енгізіледі және егер, онда олар қалай толық айтылатын болса, оған сондай күште және әрекетте қолданылатын болады (мұндай ережелер бұдан әрі "Үлгі Шарттар

мен Ережелер" деп аталады).

1.02 - Бөлім

Анықтамалар

Әр кезде осы Келісімде (Кіріспе Бөлім мен Қосымшаларды қоса алғанда) пайдаланылған кезде, егер айтылмаса немесе контекстен өзгеше туындармаса, анықтамасы Кіріспе Бөліміндегі берілетін терминдердің онда оларға берілетін тиісінше мағынасы бар; анықтамасы Үлгі Шарттар мен Ережелерде берілетін терминдердің онда оларға берілетін тиісінше мағынасы бар және мынадай терминдердің мынадай мағынасы бар:

"Азия Даму Банкі" 1966 жылғы 22 тамызда күшіне

енген Азия Даму Банкін Құру
туралы Келісімге сәйкес құрылған
Азия Даму Банкін білдіреді.

"Инфрақұрылымға Байланысты

Жекелеген Жобалар бойынша

Коршаған Ортаны Тиімді

Пайдалану жөніндегі Азия Даму

Банкінің Басшылығы" Азия Даму Банкі қабылдаған, оған
сол немесе басқа уақытта енгізілетін
түзетулермен бірге. Инфрақұрылымға
Байланысты Жекелеген Жобалар бойынша
Коршаған Ортаны Тиімді Пайдалану
жөніндегі Азия Даму Банкінің
Басшылығын білдіреді.

"Автомобиль Жолдары туралы Зан" оған сол немесе басқа уақытта

Z010245_

енгізілетін түзетулермен бірге, Заем
алушының Автомобиль Жолдары
туралы Заңын білдіреді.

"Заем алушының Уәкілетті Өкілі" Заем алушының Қаржы Министрін
білдіреді.

"АҚШ Доллары" немесе "\$" Америка Құрама Штаттарының
занды валютасын білдіреді.

"Коршаған Ортаны Тиімді

Пайдалану жөніндегі ЕҚДБ

Рәсімдері"

оларға сол немесе басқа уақытта
енгізілетін түзетулермен бірге,
Коршаған Ортаны Тиімді Пайдалану
жөніндегі ЕҚДБ Рәсімдерін білдіреді.

"Атқарушы Ұйым"

Заем алушының Көлік және
Коммуникациялар Министрлігін
білдіреді.

"Коршаған Ортаның Жағдайын

Бастапқы Зерттеу"

коршаған ортаның жағдайын бағалауды
және Азия Даму Банкі қамтамасыз ететін
техникалық ынтымақтастық шеңберінде
Заем алушы дайындаған және "Басым
Маңызы Бар Жол Участкелері бойынша Жеке
Алынған Жобаның Техника-Экономикалық
Негіздемесіне Байланысты Зерттеу"
10-Тарауында (1998 жылғы сәуір)
баяндалған жобаны білдіреді.

"Мемлекеттік Автомобиль

Жолдарын Салу жөніндегі

Техникалық Талаптар"

оған сол немесе басқа уақытта
енгізілетін түзетулермен бірге, Заем
алушы қабылдауы тиіс Мемлекеттік
Автомобиль Жолдарын Салу жөніндегі
Техникалық Талаптарды білдіреді.

"Мемлекеттік Автомобиль

Жолдарын Жобалаудың Нормалары

мен Ережесі"

оған сол немесе басқа уақытта
енгізілетін түзетулермен бірге, Заем
алушы қабылдауы тиіс Мемлекеттік
Автомобиль Жолдарын Жобалаудың
Нормалары мен Ережесін білдіреді.

"Жол Қозғалысының Қауіпсіздігі

туралы Зан"

Z960029_

оған Заем алушы сол немесе басқа
уақытта енгізетін түзетулермен
бірге, 1996 жылғы 15 шілдеде
қабылданған N 29-I Заем алушының

Жол Қозғалысының Қауіпсіздігі туралы

Заңын білдіреді.

"Анықтамаға арналған бет" "Телерейт" жүйесіндегі 3750 бет

ретінде (немесе Заем Валютасындағы

депозиттер бойынша Лондон банкаралық

рыногындағы ұсыныстардың ставкаларын

ұсыну мақсаты үшін "Телерейт"

жүйесіндегі 3750-бетті алмастыра

алатын осындай басқа бет) белгіленетін

Заем Валютасындағы депозиттер бойынша

жетекші банктердің лондон банкаралық

рыногындағы ұсыныстардың ставкаларын

ұсынуды білдіреді.

"Дүниежүзілік Банк" Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі

туралы Келісімнің Баптарына сәйкес

1945 жылғы 1 мамырда құрылған

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкін

білдіреді.

1.03 - Бөлім

Түсіндірме

Осы Келісімде нақты көрсетілетін Бапка, Бөлімге немесе Қосымшага сілтеме, осы Келісімде өзгеше мәлімделетін жағдайларды қоспағанда, осы Келісімнің нақты көрсетілетін Бабына, Бөліміне немесе оған Қосымшага сілтеме ретінде түсіндіріледі.

II БАП

ЗАЕМНЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ

2.01 - Бөлім

Сомасы мен Валютасы

Банк Заем алушыға осы Келісімде баяндалатын шарттар мен ережелерде немесе ол туралы онда айтылатын жиырма сегіз миллион бес жүз мың АҚШ долларын (28,500,000 АҚШ доллары) құрайтын соманы беруге келісім береді.

2.02 - Бөлім

Заемның Өзге де Қаржылық Шарттары

(a) Иріктеудің Ең Аз Сомасы жүз мың АҚШ долларын (100 000 АҚШ доллары) құрайды.

(b) Мерзімінен бұрын Ақы төлеудің Ең аз Сомасы бес миллион АҚШ

долларын (5,000,000 АҚШ доллары) құрайды.

(с) Күшін жоюдың Ең аз Сомасы бес миллион АҚШ долларын (5,000,000 АҚШ доллары) құрайды.

(д) Проценттерді Төлеу Күндері әрбір жылдың 28 мамыры мен 28 қарашасы болып табылады.

(е) Заем алушы Заемның негізгі сомасын төменде көрсетілетін күндері және сомаларда өтейді:

Заемды Өтеу Күні ! Тиесілі Негізгі Сома

2004 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2004 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2005 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2005 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2006 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2006 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2007 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2007 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2008 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2008 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2009 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2009 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2010 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2010 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2011 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2011 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2012 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2012 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2013 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2013 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2014 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2014 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2015 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2015 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2016 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2016 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2017 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары
2017 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
2018 ж. 28 мамыр	950,000 АҚШ доллары

2018 ж. 28 қараша	950,000 АҚШ доллары
Барлығы	28,500,000 АҚШ доллары

-
- (f) Қаражат Берудің Соңғы Күні 2004 жылғы 27 сәуір болып табылады.
- (g) Несие Беру Міндеттемесі үшін Комиссиялық Ставка жылына 0,5% құрайды.

(h) Заемға Өзгермелі Проценттік Ставка қолданылады. Үлгі Шарттар мен Ережелердің 3.04 - Бөлімінің мақсаттары үшін Тиісті Нарықтық Проценттік Ставка оларға Проценттер Есептелетін (немесе, егер екі кезең Проценттер Есептелетін тиісті Кезеңдің ұзақтығына бірдей жуық болса, екі тиісті ставкалардың орта арифметикалық) тиісті Кезеңдің ұзақтығына жуық кезендеңі Проценттерді Анықтаудың Тиісті Күні Лондон уақыты бойынша 11.00-ге Анықтамалар үшін Бетте ұсынылатын Заем Валютасында депозиттер үшін жылына ұсынылатын ставка болып табылады.

(1) егер қандай да бір себеппен Тиісті Нарықтық Проценттік ставканың осындай уақытта Анықтамаларға арналған Бетке сілтеме бойынша анықталуы мүмкін болмаса, онда Тиісті Нарықтық Проценттік ставка Банк таңдаған Лондон банкаралық рыногында әрекет ететін үш жетекші банк Банкке ұсыныс білдіретін Оған Проценттер Есептелетін осындай Кезеңге тең кезенде оған Проценттер Есептелетін, төлемге ұсынылмаған сомалар күтілетін Кезең ішінде Заемның бөлігімен салыстырма сомада Заем Валютасында депозиттер үшін жылына ұсынылатын ставкалардың орташа арифметикалық ретінде (қажет болған кезде, 1/16%-ке жуық сомага арттыру жағына дөңгелектей отырып) Банк анықтайтын ставка болып табылады; және

(2) Егер Банк Лондон банкаралық рыногында Заем Валютасындағы депозиттер мұндай сомаларда немесе осындай кезенде ұсынылмайтынын белгілесе, онда ол қандай көздерді таңдап алса да оған Проценттер Есептелетін, төлемге ұсынылмаған сома күтілетін Кезең ішінде Заемның бөлігін қаржыландыруға арналған Банктің шығыстары (жылына проценттік ставка ретінде жазылған) Тиісті Нарықтық Проценттік Ставка болып табылады.

2.03 - Бөлім

Заем Қаражатын Іріктеу

(а) 2-қосымшаның ережелеріне сәйкес Қол жетімді Соманы кезең-кезеңмен іріктеу

(1) Жоба үшін талап етілетін тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тиісті құнына қатысты орын алған шығыстарды (немесе, егер Банк оған

келіскеңде күтілетін) шығыстарды және

(2) Бір жолғы Комиссияны қаржыландыру үшін жүргізілуі мүмкін.

(b) Заемши осымен банкке Бір жолғы Комиссияға тен Қол жетімді Соманың қаражатын іріктеуді жүргізуге және өзіне-өзі Заемшының атынан Бір жолғы Комиссияны шыңынын төлеуге уәкілеттік береді.

2.04 - Бөлім

Қаражатты Иріктеуге Уәкілеттік берілген Өкіл

Заемшының Қаржы Министрі осы Келісімнің 2.03-Бөлімінің (а) ережелеріне сәйкес және Үлгі Шарттар мен Ережелердің 3.01 және 3.02-Бөлімдерінің ережелеріне сәйкес талап етілетін немесе рұқсат етілген қандай да болмасын іс-қимыл жасау мақсаты үшін Заемшының Уәкілетті Өкілі болып табылады.

ІІІ БАП ЖОБАНЫ ОРЫНДАУ

3.01 - Бөлім

Жобага байланысты Іс-қимыл жасаудың Басқа да Кепілдіктері

Үлгі Шарттар мен Ережелердің IV Бабында айтылатын жалпы міндеттемелерге қосымша Заемши, егер Банк өзге шешім қабылдамаса:

(а) Жобаны орындау үшін жеткілікті қаражат беру үшін қажетті барлық шараларды қабылдайды және тиісті уақытта Жоба бойынша шығыстардың өз үлесін төлейді;

(b) 2002 жылдың 30 маусымынан кешіктірмей Жол Саласын Дамыту Бағдарламасын соңғы әзірлегенге дейінгі Банктің ұсынысын ескере отырып, аталған Бағдарламаны дайындайды және қабылдайды;

(c) Жол Саласын Дамыту Бағдарламасына сәйкес жолдарды пайдаланушылар шығындарының орнын толтыруға негізделген жүйеге кезең-кезеңмен көшуге бағытталған қаржылық тетіктерді көздейді;

(d) 2002 жылдың 30 маусымынан кешіктірмей Автомобиль Жолдары туралы Зан дайындайды және Заемшының Парламентіне ұсынады;

(e) 2003 жылдың 30 маусымынан кешіктірмей Дүниежүзілік Банк қаржыландыратын техникалық көмек бағдарламасына сәйкес 2001-2003 жылдар аралығында әзірленетін зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, Жол Қозғалысының Қауіпсіздігі туралы Занға түзетулер дайындайды және Заемшының Парламентіне ұсынады;

(f) 2003 жылдың 1 қаңтарынан кешіктірмей жұмысы Азия Даму Банкімен көзделген техникалық көмек бағдарламасына сәйкес қаржыландырылатын консультанттар дайындастын Мемлекеттік Автомобиль Жолдарын Жобалаудың Нормалары мен Ережесін қабылдайды;

(g) 2003 жылдың 1 қаңтарынан кешіктірмей жұмысы Азия Даму Банкінен көзделген техникалық көмек бағдарламасына сәйкес қаржыландырылатын консультанттар дайындастын Мемлекеттік Автомобиль Жолдарын Салу жөніндегі Техникалық Талаптарды қабылдайды.

3.02 - Бөлім

Жобаны орындау

Заемшы өзінің Ұйымы-Атқарушысы арқылы Жобаға арналған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды қоса алғанда, Жобаны орындаудың барлық аспектілерін үйлестіру, басқару, ағымдағы бақылау және бағалау жөнінде барлық қажетті шаралар қабылдайды және, атап айтқанда, қажетті қаражатты және осы мақсатқа сәйкес талаптарға сай келетін білікті мамандарды ұсынады.

3.03 - Бөлім

Сатып алулар

Үлгі Шарттар мен Ережелердің 4.03-Бөлімінің мақсаттары үшін, Банк өзге шешім қабылдаған жағдайлардан басқа, мынадай ережелер Жоба үшін қажет етілетін және Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды реттейді:

(a) Ашық сауда-саттық арқылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алулар (3.03-Бөлімге (c) енгізілген консультанттардың қызметтерінен басқа), мыналарды қоспағанда:

1) құны бір келісім-шарт үшін 5,000,000 Евроға бара-бар сомадан кем және 8,000,000 Евроға бара-бар сомадан аспайтын жиынтық сомадағы Жобаның В бөлігіне сәйкес жолдарды жақсарту жөніндегі шағын ауқымды жұмыстарға арналған келісім-шарттар Банк үшін қолайлы конкурстық қатысумен жергілікті сауда-саттық рәсімдеріне сәйкес сатып алынуы мүмкін.

(b) 3.03-Бөлімнің (a) мақсаттары үшін ашық сауда-саттықтың рәсімдері және конкурс пен қатысатын жергілікті сауда-саттық рәсімдерінің нормалары "Сатып алулар жөніндегі ЕҚДБ Ережелері" 3-Тарауында айтылады.

(с) Жобаны орындауға көмек көрсету үшін Заемшы жалдайтын Консультанттар "Сатып аулар жөніндегі ЕҚДБ Ережелері" 5-Тарауында айтылатын рәсімдерге сәйкес таңдал алынады.

(д) Барлық келісім-шарттарға "Сатып аулар жөніндегі ЕҚДБ Ережелеріне" Қосымшада айтылатын қарау рәсімдері қолданылады. Банк Заемшыға өзге туралы жазбаша нысанда хабардар еткен уақытқа дейін барлық келісім-шарттар алдын ала қарауға жатады.

3.04 - Бөлім

Қоршаған Ортаны Тиімді Пайдалану жөніндегі Міндеттемелер

Үлгі Шарттар мен Ережелердің 4.02 (а), 4.04 (а) (iii) және 5.02 (с) (iii) - Бөлімдерінің іс-әрекетін шектемей, егер Банк өзгеше шешім қабылдамаса:

(а) Жобаны орындау аумақтары жататын юрисдикцияда қазіргі уақытта қолданылатын қоршаған ортаны тиімді пайдалану ережелері мен нормаларына және Еуропалық Одақта осы Келісімнің күніне қолданылатын (немесе, егер мұндай нормалар Еуропалық Одақта болмаған жағдайда, қоршаған ортаны тиімді пайдалану жөніндегі қолданылып жүрген Дүниежүзілік Банк Тобының басшылығында айтылатын) қоршаған ортаны тиімді пайдалану нормаларына сәйкес Жобаны орындаиды;

(б) қоршаған ортаны қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау жөніндегі тиісті шаралардың жобаға енгізілген объектілерді жобалауға енгізілуін қамтамасыз етеді және осыдан кейін жоба үшін дайындалған Қоршаған Ортаның Жағдайын Бастанқы Зерделеуде келтірілген ұсынымдарға, "Инфрақұрылымға Байланысты Жекелеген Жобалар бойынша Қоршаған Ортаны Тиімді Пайдалану жөніндегі Азия Даму Банкінің Басшылығына" және "Қоршаған Ортаны Тиімді Пайдалану жөніндегі ЕҚДБ Рәсімдеріне" сәйкес жобаға енгізілген объектілерді салады, басқарады және ұстайды.

3.05 - Бөлім

Консультанттар

(а) Жобаны орындауға көмек көрсету үшін Заемшы, егер Банкпен өзгеше келісілмесе, қажеттілігіне орай Жобаны орындауда көмек көрсететін консультанттарды қоса алғанда, біліктілігі, тәжірибесі мен құзыретінің шегі Банк үшін қолайлы консультанттарды жалдайды немесе жалдауды қамтамасыз етеді және олардың қызметтерін пайдаланады; және

(б) Заемшы Жобаға немесе Заемшының қызметіне қатысты мәселелерде көмек көрсету үшін жалданған барлық консультанттарды қызметтік үй-жайды, барлық құжаттарды, материалдарды және олардың жұмысына қатысы болатын өзге де ақпаратты қоса алғанда, олардың өз функцияларын орындалуы үшін қажетті

қуралдармен және қолдаумен тегін қамтамасыз етеді.

3.06 - Бөлім

Есептерді Берудің Кезеңділігі және оларды Беру жөніндегі Талаптар

(а) Заемның сомасын толығымен өтегенге немесе күшін жойғанға дейін Заемшы Банкке ол туралы есеп берілетін жыл аяқталғаннан кейін 90 күннің ішінде Жобаға қатысы бар қоршаған ортаны тиімді пайдалану мәселелері бойынша жыл сайынғы есептерді ұсынады. Мұндай есептер өзіне мынадай нақты мәселелер бойынша ақпаратты қамтиды:

(1) Жоба үшін талап етілетін қоршаған ортаны тиімді пайдалануға байланысты қандай да болмасын рұқсаттарға байланысты істердің жағдайын, құзыретіне қоршаған ортаны тиімді пайдалану мәселелері жататын органдар жүргізген кез келген тексерулердің нәтижелерін, мұндай ережелер мен нормаларды кез келген бұзушылық және осындей бұзушылықтарға байланысты жағдайларды түзеу жөніндегі шараларды және қандай да болмасын осындей бұзушылықтар үшін салынған кез келген айыппұлдарды қоса алғанда, Жобаны орындау аумақтарына қатысты қазіргі уақытта юрисдикцияда қолданылатын қоршаған ортаны тиімді пайдалану ережелері мен нормаларын және Еуропалық Одақта осы Келісімнің күні қолданылатын (немесе, егер мұндай нормалар Еуропалық Одақта болмаған жағдайда, қоршаған ортаны тиімді пайдалану жөніндегі Дүниежүзілік Банк Тобы қолданылатын ережеде айтылған) қоршаған ортаны тиімді пайдалану нормаларын сақтау туралы ақпарат;

(2) Инфрақұрылым мен Рәсімдерге және ЕҚДБ Қоршаған Ортаны Тиімді Пайдалану жөніндегі Рәсімдеріне Байланысты Жекелеген Жобалар бойынша Қоршаған Ортаны Тиімді Пайдалану жөніндегі Азия Даму Банкінің Басшылығымен жоба үшін дайындалған Қоршаған Ортаның Жағдайын Бастанқы Зерттеуге келтірілген ұсыныстарға сәйкес жасалған іс-әрекеттер;

(3) құзыретіне осындей мәселелер жататын Жобаға қатысты қандай да болмасын органға ұсынылған қоршаған ортаны тиімді пайдалану мәселелері бойынша кез-келген елеулі сипаты бар хабарламалардың, есептер мен басқа да хабарлардың жиынтығы.

(б) Заемшы олар туралы Үлгі Шарттар мен Ережелердің 4.04 (а) (iv) - Бөлімінде айтылатын есептерді Жоба аяқталғанға дейін ол туралы ұсынылатын есепті кезең аяқталғаннан кейін әрбір жарты жыл сайын 90 күннің ішінде кезең-кезеңмен ұсынады. Мұндай есептер мынадай нақты мәліметтерді қамтиды:

(1) Мынадай жалпы ақпарат:

(а) есеп берген күні және есепті кезеңнің ішінде Жобаны орындауда қол жеткен нақты нәтижелер;

(б) Жобаны орындаудағы іс жүзіндегі немесе қутілетін қыыншылықтар немесе кідірістер және олардың орындау кестесіне әсері және қыыншылықтарды жену және

кідірістерді болдырмау үшін қабылданатын немесе межеленген нақты шаралар;

- (с) Жобаны аяқтау күні күтіліп отырған өзгерістер;
- (д) Жобаға байланысты қызметкерлер құрамындағы негізгі өзгерістер;
- (е) Жобаның құнына әсер етуі мүмкін мәселелер; және
- (ф) Жобаның қандай да болmasын Бөлігінің экономикалық тіршілік қабілетіне ықпал етуі мүмкін кез келген өзгерістер немесе іс-әрекеттер.

(2) Мыналар:

- (А) шығыстардың бастапқы сметасы;
- (В) егер, мұндайлар орын алса, өзгерістердің себептерін көрсете отырып, шығыстардың сметасын қайта қарау;
- (С) бүгінгі таңдағы бастапқы бағалау шығындары және нақты шығыстар;
- (Д) бүгінгі таңдағы бастапқы бағалау шығыстарымен салыстырғанда, бүгінгі таңдағы нақты шығыстардың өзгерулерінің себептері; және

(Е) жылдың қалған тоқсандарына арналған бағалау шығыстары берілетін есеппен бірге Жобаның әрбір Бөлігі бойынша жұмсалған шығыстар және Заем Қаражатын Таңдау туралы толық мәліметтер берілетін қаржылық есептер.

(с) Егер қоршаган ортаның жағдайына, халықтың денсаулығына немесе қауіпсіздігіне едәуір қолайсыз әсер етуі мүмкін Жобаға қатысты оқиға немесе жазатайым оқиға орын алса, Заемшы Банкке ол туралы мұндай оқиғаның немесе апаттың сипатын көрсете отырып, көшірме байланыспен немесе телекспен және жағдайды түзету үшін Заемшы қабылдаған кез келген шаралар туралы тез арада хабарлайды. Жоғарыда айтылған оқиғаның немесе жазатайым оқиғаның іс-әрекетін шектемей-ақ, қоршаган ортаның жағдайына едәуір қолайсыз әсер етсе, егер қандай да болmasын қолданылатын заң қандай да бір мемлекеттік органның мұндай оқиға немесе жазатайым оқиға туралы хабарламаны талап етсе, мұндай оқиға немесе жазатайым оқиға өлім жағдайымен немесе емдеуді талап ететін көптеген қатерлі дене жарақаттарымен байланысты болса немесе мұндай оқиға немесе жазатайым оқиға бұқаралық ақпарат құралдары немесе өзге тәсіл арқылы кең дауыспен берілсе.

IV БАП

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТПЕН БАЙЛАНЫСТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

4.01 - Бөлім

Қаржылық Қызметті Көрсететін Жазбалар мен Есептер

(а) Заемшы Жобаның немесе оның қандай да бір бөлігін орындауға жауапты Заемшының ведомстволарына немесе мекемелеріне қатысты рәсімдерді сақтайды, халықаралық тәжірибеде қабылданған және кейіннен қолданылатын бухгалтерлік стандарттарға сәйкес Жобаға қатысты операцияларды, қаражат пен шығындарды

көрсету жөніндегі және Жобаны орындау барысын ағымдағы бақылау және оның жазбасы жөніндегі (оны жүзеге асыруға арналған шығыстар мен одан алынуы тиіс жиынтық пайданы қоса алғанда) қолданылып жүрген талаптарға жауап беретін жазбалар мен шоттарды жүргізеді.

(b) Заемшы:

(1) Ол туралы 4.01 (а)-Бөлімде айтылатын, аудитін халықаралық тәжірибеде қабылданған аудит принциптері мен стандарттарына сәйкес Банк үшін қолайлы тәуелсіз аудиторлар жүргізген әрбір Қаржы Жылы үшін жазбалар мен шоттарды жүргізеді және сақтайды;

(2) Банкке оларды дайындағаннан кейін сол бойда, бірақ кез келген жағдайда, әрбір қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі алты айдан кешіктірмей, мұндай көлемдегі мұндай аудиторлардың мұндай аудиті және Банк негізден сұрау сала алатын осындай егжей-тегжейлер туралы есепті ұсынады;

(3) Банкке Банк сол немесе басқа уақытта негізден сұрау сала алатын мұндай жазбаларға және шоттарға және олардың аудитіне қатысты мұндай басқа да ақпаратты Банкке береді.

V БАП
ТОҚТАТА ТҮРУ, ЖЕДЕЛДЕТУ, ЖОЮ
5.01 - Бөлім
Тоқтата тұру

Мына төмендегілер Үлгі Шарттар мен Ережелердің 7.01 (а)
(xiv)-Бөлімінің мақсаттары үшін көрсетіледі:

(а) Заемшының аумағындағы жол саласында қолданылатын заң шығарушы және реттеуші шеңберлерге түзетулер енгізілді, олар тоқтатыла тұрды, күші жойылды, жоққа шығарылды немесе олардан бас тартылды;

(б) Жобаға сәйкес құрылған немесе қалпына келтірілген мұлікке арналған меншік құқығы Заемшыдан басқа тарапқа берілді.

VI БАП
КҮШІНЕ ЕНУІ
6.01 - Бөлім

Күшіне енудің Алдын ала Шарттары

Мына төмендегілер Үлгі Шарттар мен Ережелердің 9.02 (с)-Бөлімінің мақсаттары үшін осы Келісімнің күшіне енүінің қосымша шарттары ретінде көрсетіледі:

(а) Заемшының Көлік және Коммуникациялар Министрлігі болашақта жол саласын қаржыландыру және дамыту үшін тиімді негізді қамтамасыз ету үшін

Заемшы қабылдауды ұсынатын негізгі принциптер туралы Банкке жазбаша түрде хабарлады;

(b) Банк үшін қолайлы нысан және мазмұн бойынша 2001 жылы басқа тараптың қаражаты үшін жеткілікті бюджеттік қаржыны растау Банкке ұсынылды.

6.02 - Бөлім

Зандық Қорытынды

Үлгі Шарттар мен Ережелердің 9.03 (a)-Бөлімінің мақсаттары үшін зангер-консультанттың қорытындысын немесе қорытындыларын Заемшының атынан Әділет Министрі береді және мына төмендегілер Банкке берілетін қорытындыға немесе қорытындыларға енгізілетін қосымша мәселелер ретінде көрсетіледі:

- Заем туралы Келісімге сәйкес міндеттемелер Заемшының бюджетінде ескеріледі.

6.03 - Бөлім

Күшіне Енбеу Себебінен Күшін Тоқтату

Осы Келісім күнінен кейінгі 90 күннен соң басталатын күн Үлгі Шарттар мен Ережелердің 9.04-Бөлімінің мақсаттары үшін көрсетіледі.

VII БАП

ӨЗГЕ ЕРЕЖЕЛЕР

7.01 - Бөлім

Хабарламалар

Үлгі Шарттар мен Ережелердің 10.01 - Бөлімінің мақсаттары үшін мына мекен-жайлар көрсетіледі:

Заемшының мекен-жайы:

Ministry of Finance

33, Victory Prospect

Astana 473000

Attention: Minister of Finance

Fax:+ 3172 117762

Банктің мекен-жайы:

European Bank for Reconstruction
and Development

One Exchange Square

London EC2A 2JN

United Kingdom

Attention: Operation Administration
Unit

Қаржы министрлігі

Жеңіс даңғылы, 33

Астана 473000

- Қаржы министрінің назарына

Факс: + 3172 117762.

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі

Биржа Алаңы Бір

Лондон EC2A 2JN

- Құрама Корольдік

Операцияларды басқару жөніндегі
бөлімнің назарына

Факс: + 44-20-7338-6100

Fax: + 44-20-7338-6100

Telex: 8812161

Answerback: EBRD L G

Телекс: 8812161

Автоматты Жауап беру Коды: EBRD

L G

Соны күәландыра отырып, осы Келісімдегі тиісті негізде уәкілеттік берілген өздерінің өкілдері арқылы әрекет ететін тараптар осы Келісімге төрт данада қол қойылуын және жоғарыда бастапқыда көрсетілген күні мен жылы оның Қазақстанның Алматы қаласына ресми түрде берілуін қамтамасыз етті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Күжаттарға қол қоюға

Уәкілеттік берілген

ресми тұлғаның қолы : _____

Тегі : _____

Лауазымы : _____

ЕУРОПА ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ

Күжаттарға қол қоюға

Уәкілеттік берілген

ресми тұлғаның қолы : _____

Тегі : _____

Лауазымы : _____

1-ҚОСЫМША

ЖОБАНЫ СИПАТТАУ

1. Жобаның мақсаты Заемшиға:

(i) Алматы және Бішкек қалаларының арасындағы негізгі автокөлік

байланыс желісінің негізгі участкерін қайта жаңартудың арқасында аталған жолдың тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруды;

(ii) елдің жол инфрақұрылымын жаңғыртуда; және

(iii) елдің жол көлігін басқаруды және қаржыландыруды жетілдіруге

жәрдемдесу болып табылады.

2. Жоба өзіне Банк пен Заемши сол немесе басқа уақытта келісе алатын өзгерістер енгізілуі мүмкін мынадай Бөліктерден турады:

А Бөлігі: Алматы-Бішкек жолындағы инженерлік-құрылымыстары
(11,5-62 км)

В Бөлігі: Жолды қайта жаңарту жөніндегі кішігірім жұмыстар

С Бөлігі: Жобаларды іріктеу, инженерлік әзірлеудерді дайындау
кезінде, сауда-саттық құжаттамасында және келісім-шартқа
бақылау жасауда көмек көрсету үшін консультациялық
қызметтер көрсету

3. Жобаны 2003 жылғы 31 желтоқсанда аяқтау ұйғарылып отыр.

2-ҚОСЫМША

САНАТТАР ЖӘНЕ ЗАЕМ ҚАРАЖАТЫН ІРІКТЕУ

1. Осы Толықтырудың мақсаттары үшін мына ұғымдар мына мағынаны білдіреді:

(a) "Шетел Валютасындағы Шығыстар" Заемшыдан ерекшеленетін қандай да бір елдің Валютадағы шығыстарын білдіреді.

(b) "Жергілікті Валютадағы Шығыстар" Заемшының Валютасындағы шығыстарды білдіреді.

2. Осы Қосымшаға қоса берілетін кестеде Санаттар, әрбір санат бойынша бөлінетін Заемның сомасы және әрбір Санатта қаржыландырылатын шығыстардың процентпен берілген үлесі көрсетіледі.

3. Жоғарыда келтірілген 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, Заем

туралы келісімге қол қойылғанға дейін келтірілген және төленген шығыстарға қатысты ешқандай да Заем Қаражатын Іріктеу жүргізілмейді.

4. Егер Банк Заемши өз шығыстарының бөлігін тең үлеспен ақы төлегеніне өзінің толық қалауымен көзі жетпесе, Жобаның А Бөлігі мен В Бөлігінің шығыстарына қатысты ешқандай да Заем Қаражатын Іріктеу жүргізілмейді. Кез келген Заем Қаражатын Іріктеуге дейін Банк Заемшыдан өзінің толық қалауынша, оның ақы төленгеніне дәлелді куәлікті беруін талап етуі мүмкін.

2-қосымшаға Толықтыру

Санаты ! Заем ! Қаржыландырылатын

! Валютасында ! Шығыстардың Процентпен
! Бөлінген Заемның ! Берілген Үлесі
! Сомасы !

- (1) А Бөлігіне сәйкес 22,100,000 Қосылған құнға салынатын
Жұмыстар АҚШ доллары салықты шегергендегі
келісім-шарт құнының 85%-і
- (2) В Бөлігіне сәйкес 4,500,000 Қосылған құнға салынатын
Жұмыстар АҚШ доллары салықты шегергендегі
келісім-шарт құнының 85%-і
- (3) С Бөлігіне сәйкес 300,000 Келісім-шарт құнының 100%-і
Консультациялық АҚШ доллары
қызметтер
- (5) Бөлінбegen сома 1,315,000
АҚШ доллары
- (6) Бір жолғы 285,000
Комиссия АҚШ доллары
Барлығы 28,500,000
АҚШ доллары
-

Мамандар:
Қасымбеков Б.
Орынбекова Д.